


Бекітемін: 
 Оқу ісінің орынбасары: Умбетова.Г

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық сынып				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Қаңтар айы 5- апта 27-31.01.2025ж				
Апта күндері	Дүйсенбі 27.01.2025ж	Сейсенбі 28.01.2025ж	Сәрсенбі 29.01.2025ж	Бейсенбі 30.01.2025ж	Жұма 31.01.2025ж
Күн тәртібі	«Біртұтас тәрбие» Қаңтар айы «Заң және тәртіп» « Апта дәйексөздері»- «Тәртіпсіз ел болмайды» мақал -мәтел				
Балаларды қабылдау	Салемдесу . Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимылды ойын «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балаларға әуеде ұшатын заттарды ажырата алуға үйрету.	Сюжеттік ойын «Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Көтермек Мақсаты: Балалардың ойын , күшін дамыту. Қазақтардың салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары арқылы балаларға тәрбие беру Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Өз ерігімен сайысам дегендер екі бала ортаға шығады, бір-біріне құрамалар бойынша қарама-қарсы тұрады және қарсыласты өзінің арқасына көтеріп алуға тырысады	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Арқан тартыс Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балалардың қазақтың салт- дәстүрін, әдет- гұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Шарты: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады .	Дидактикалық ойын «Сандар тізбегі» Мақсаты: Сандарды тура және кері санай білуге үйрету

Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып, еңбекқорлыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу					
Таңертенгі жаттығу	<p>Таңғы жаттығу кешені «Күн шықты» Қолды жоғары көтеріп, созылу – 3 рет. Терең дем алу және шығару «Құстар ұшады» Қолды жан-жаққа созып, баяу жоғары-төмен қозғалту («канат қағу») – 5 рет. «Қарды тебеміз» Бір аяқпен алға және артқа сермеу – әр аяққа 5 реттен. «Қоян секіреді» Екі аяқпен жеңіл секіру – 5-7 рет</p>	<p>Таңғы жаттығу кешені «Аққала мүсіндейміз» Денені алға иіп, қар алып, жоғары көтеру қимылын қайталау – 3-5 рет. «Боран соғады» Терең дем алып, ауаны үрлеу («жел есті») – 3 рет. «Аққала айналамыз» Белді айналдыру – 3 реттен әр жаққа. «Қар лақтырамыз» Орындарында тұрып, қолдарымен алға созылып «қар лақтыру» – 5 рет.</p>	<p>Таңғы жаттығу кешені Балалардың назарын шоғырландыру және жаттығуға қызығушылық ояту. «Күн шықты» жаттығуы: Қолды жоғары көтеріп, созылып, алақанды шапалақтау – 3-5 рет. Басты баяу оңға, солға бұру – 3 реттен</p>	<p>Таңғы жаттығу кешені «Жанбыр жауып тұр» Мақсаты: Баланың қол, иық және бел бұлшық еттерін икемділігін арттыру. Өткізу тәсілі: Балалар алақандарымен «жанбыр жауғандай» жеңіл қимылдар жасайды, еденге еңкейіп, алақандарымен еденді жеңіл соғады.</p>	<p>Таңғы жаттығу кешені Сикырлы бұлт» Қолды жоғары көтеріп, баяу түсіру («бұлт төмен түсті») – 5 рет. «Қар лақтыру» Бір орында тұрып, оң және сол қолмен кезек-кезек «қар лақтыру» – 5 реттен. «Қар үстімен жүгірейік» Орындарында жеңіл жүгіріп, аяқ басу – 5-7 рет. «Жел тұрды» Терең дем алып, баяу дем шығару – 3 рет.</p>
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу</p> <p>"Қазақстанның табиғатын құрастыру"</p>	<p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру</p> <p>«Балалар</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау «Өнегелі 15 минут» Отбасы туралы өнегелі өсиет айту Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт.</p>	<p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру</p> <p>Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында Бейтаныс Заттардан Аулақ Болу: Ойын алаңында немесе аулада кездескен бөтен заттарды алмау керектігін түсіндіру.</p>	<p>Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау</p> <p>Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында «Отпен қауіпсіздік» - Мақсаты: Оттың қауіптілігін</p>

	<p>«Менің Қазақстаным» аясында</p> <p>Мақсаты: Балаларды Қазақстанның табиғатымен таныстырып, елдің әсем көріністерін өз қолдарымен құрастыруға қызығушылықтарын ояту.</p>	<p>кітапханасы» жобасы «Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жастыңдарман» жобалары аясындағы балалар кітапханасы</p>	<p>Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар, олар сендерге әрқашан қолқор болады.</p>		<p>түсіндіру. - Іс-әрекет: Балалармен бірге отқа қатысты қауіпсіздік ережелерін (оттың жанында ойнамау, шырақпен ойнамау) айтып, ойын арқылы көрсету.</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Заттың бірнеше тең бөліктері - затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»; -есте сақтау,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау [ү] - сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру; -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ажарқын жүруге тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру (Шығармашылық іс-әрекеттер) Міндеті: Көліктер. - құрылыс материалдары мен «Лего»</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Заттың бірнеше тең бөліктері -затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»; -есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.</p> <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау - дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату; -өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты,</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Заттың бірнеше тең бөліктері -затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік»; -есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Менің анам. -ана туралы өз ойларын айтқызу; -ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту; -ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Міндеті: Ана – өмір шырағы. -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбыстық талдау [р] -дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру; -буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Міндеті «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану). - қолды төбеге қойып гимнастикалық орындық үстінен жүруді, жоғары ілулі</p>

<p>зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.</p> <p>Қазақ тілі Міндеті Азық-түлік - сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Дене шынықтыру Міндеті Желаяктар. - жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне</p>	<p>конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Міндеті: Ақ әжем. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу; -женіл әуендерді ансамбльмен, балаларға</p>	<p>нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру; -мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру Міндеті: Желаяктар. - жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>Көркем әдебиет Міндеті: Әже(өленді жаттау)Әбубәкір Қайранов -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету; -өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p>	<p>бере отырып ойнау; -анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>Қазақ тілі Міндеті: Асханада -такпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>тұрған шарға, затқа секіріп қол жеткізуді, биіктікте жүруді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Міндеті Әже(өленді жаттау)Әбубәкір Қайранов -өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу; -өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету; -өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті: Алақай, көктем келді! -балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау; -өзіндік тәжірибеалды</p>
--	---	--	---	--

доп дақтыруға жаттықтыру.

Сөйлеуді дамыту.
Міндеті
Менің анам. - ана туралы өз ойларын айтқызу;
-ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту;
-ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.

арналған музыкалық аспаптарда, фортепianoның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау;
-үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.

Музыка

тыңдау:
«Ақ жем» (К. Қуатбаев)
Ән айту:

Қоршаған ортамен таныстыру
Міндеті:
Алақай, көктем келді! - балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу кезі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау;
-өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту;
-танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін


жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту;
-танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.

	калыптастыру.				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәткенесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	<p>Бақылау: Бұлтты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.</p> <p>Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады. (Бұлт).</p> <p>Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.</p> <p>Еңбекті дәріптей білуге үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ. Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p>Бақылау: Мұзды бақылау.</p> <p>Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p> <p>Еңбек: Тайғанак жерге құм себу.</p> <p>Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу.</p> <p>Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр.</p> <p>Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр.</p> <p>Мақсаты: Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Ойын: «Тышқан мен мысық».</p> <p>Мақсаты: Шапшандыққа,</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау.</p> <p>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.</p> <p>Еңбек: «Таза алаң».</p> <p>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.</p> <p>Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын: «Қасқыр мен қаздар».</p> <p>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Бақылау: Мұздақты бақылау.</p> <p>Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптеріне қар үю.</p> <p>Мақсаты: Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.</p> <p>Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттату“</p> <p>Отқа жанбас, Суға батпас”</p> <p>(мұз)</p> <p>Мақсаты: Мұз туралы түсінік беру.</p> <p>Жұмбақ жаттату</p> <p>арқылы сөздік қорын молату.</p> <p>Есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Қимылдық ойын: «Қазан».</p> <p>Мақсаты: Бірлесіп ойнауға шақыру.</p> <p>Балалардың көңілдерін көтеру.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.</p> <p>Еңбек: «Қыс қызығы».</p> <p>Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанак жасау.</p> <p>Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.</p> <p>(Күн)</p> <p>Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>

	<p>Қим.ойын: «Мені қуып жет».</p> <p>Максаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>	<p>жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>			
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жемдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". Максат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарын а деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Қуралдар.</p>	<p>Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). Максат-міндеттер. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Лас - (Таза). - Қараңғы -</p>	<p>Дидактикалық ойын «Сыңарын тап». Максат-міндеттер: балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Максат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>«Қимылды қайталау» саусақ жаттығуы. Максат-міндеттер: қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді (кейбір саусақтар бүгулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>

	<p>Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада,</p>	<p>(Жарық). - Түн - (Күндіз). - Ылғалды - (Құрғақ). - Жаңбыр - (Қар). - Аспан - (Жер). - Таң - (Кеш). - Су - (Мұз). - Су - (Бу). - Жаз - (Қыс). (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>					
--	---	---	--	--	--	--	--

	ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады.				
Балалармен жеке жұмыс	Өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін біледі. Сөздік қоры жақсы дамыған	Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алуына; сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алуына; айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айта алуына жаттықтыру	Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануды, мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнауды үйрету	Қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қия алуды; қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия алуды үйрету
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен	«Гүлдерді күтеміз» ойыны Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, көпсығу дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз	Қимылды ойын: «Ту». Мақсаты: Топтағы қарым-қатынасты нығайту. Ойынның шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша	Қимылды ойын: «Шұңқырдағы қасқырлар» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу. Ойынның шарты: Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды (1-1,5 метр). Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің	Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар. Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанатын.	Дидактикалық ойын: «Домино» Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды,

	<p>тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.</p> <p>Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша өңгімелету.</p> 	<p>ойыншылар жан-жаққа жүтіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)</p>	<p>бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.</p>		<p>сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</p>	<p>Өнегелі 15 минут Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу</p>	<p>Өнегелі 15 минут Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз</p>	<p>Өнегелі 15 минут Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Өнегелі 15 минут Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу</p>